

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ**  
**БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ**  
атындағы  
**ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

**Заң институты**

Әскери және арнайы-тактикалық даярлық кафедрасы

**АТЫС ДАЯРЛЫҒЫ**

№17 - тапанша-пулеметтың арналуы, құрылымы мен ұрыстық қасиеті және қолданылуы тақырыбы бойынша

**ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМ**

Дайындаған: оқытушы  
полиция аға лейтенанты  
К.Охан

**Қарағанды қ. 2016ж.**

### **Оқу-тәрбиелік мақсаты:**

1. Курсанттарға тапанша-пулеметтың құрылымын, бөліктері мен механизмдерінің жұмыс істеу тәртібін оқыту.
2. Курсанттарға тапанша-пулеметты жартылай бөлшектеу ретін үйрету, тапанша-пулеметты атуға дайындауды, сондай-ақ ату кезінде атылмай қалу себептері мен оны қалыпқа келтіру түрлерімен таныстыру.
3. Курсанттарды қаруға деген сенімділікке тәрбиелеу.

**Сабақ түрі:** тәжірибелік

**Әдісі:** әңгіме жүзінде түсіндіру, көрсету

**Өткізілетін орны:** атыс даярлық сыныбы.

### **Оқулық сұрақтар:**

1. Тапанша-пулеметтың даму тарихы.
2. Жалпы құрылымы. Тапанша-пулеметтің жұмыс істеу принципі және оның жіктелінуі.

### **Материалдық қамтамасыз етілуі:**

1. Оқулық үлгідегі Тапанша-пулемет
2. Оқулық патрондар – 10 дана.
3. Презентация

### **Әдебиеттер:**

1. 1995. 30.08. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі N 199-V Заңы.
3. «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы №380- IV (ҚР 23.04.2014 [N 200-V](#), ҚР 29.10.2015 [№ 374-V](#) толықтырулар мен өзгертулер) заңы.
4. «Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарында кәсіби қызметтік және дене шынықтыру даярлығын ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы ІІМ 2013 жылғы 06 наурыздағы №10 қбпү бұйрығы.
5. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің атыс қаруларын қолдануғы құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері мен оларды атыс ережелеріне үйрету әдістемесі. Ақмола, 1998 .
6. Нысанқұлов І.Б. «Атыс дайындығы» оқу құралы. Қарағанды, 2008
8. Нысанқұлов І.Б. «Атыс даярлығы» оқу құралы. Қарағанды, 2012
9. С.Н. Солохин Учебное пособие по огневой подготовке. «Огневая подготовка сотрудников ОВД». Алматы 2003г.
10. Ішкі істер органдары қызметкерлерінің атыс қаруларын қолдануғы құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері мен оларды атыс ережелеріне үйрету әдістемесі. Ақмола, 1998.
11. И.А. Дворяка Боевая подготовка работников ОВД. М. 1991.
12. Потапов А. Приемы стрельбы из пистолета. Москва-2005

## 1. Тапанша-пулеметтың даму тарихы

Автоматты қару жасаудың конструкторлық ойлары Қазан социалистік революциясының жеңісінен кейін қолға алынды. Бұл бастаманың басында В.Г. Федоров әртүрлі қарулардың үлгілерін жасауға шеберхана ұйымдастырды. Алғашқы кеңестік 6,5 мм автоматтың конструкциясын үлгісі В.Г. Федоров 1919 ж жасап, ол 1920 жылы сынақтан өткізілді. Сынақ барысында бірқатар күрделі кемшіліктер анықталды және әскерді 6,5 мм жапондық патронмен қамтамасыз ету қиындық тудырды. Сондықтан бұл автоматты өндірістен алынып тасталды. Осы мезетте В.Г. Федоровтың әріптестері мен оқушылары автоматты қару шығару жолында қажырлы жұмыстар жүргізді. Олар – Ф.В. Токарев, В.А.Дегтярев, Г.С. Шпагин және басқалар. Сол уақыттағы жаңаша тапанша – пулеметті ұсынған В.А.Дегтярев болды. Сол кездегі басқа қарулармен өткізілген салыстырмалы сынақ кезінде оның тапанша – пулеметі жоғары көрсеткіштер көрсетіп, 1934 ж Қызыл Армияның қару жарағына қабылданды. Бұл тапанша – пулеметке 1930 ж үлгідегі тапаншаға арналған 7,62 мм патрон пайдаланылды. Қарудың құрылысы қарапайым, қолдануда сенімділігімен ерекшеленді. Атыс жекелей және автоматты түрде жүргізіледі. Бұл қару 1939-1940 ж.ж. Ақфиндермен болған соғыста қолданылды. 1940 жылы тапанша – пулеметке азғантай өзгертулер енгізілді, ол қорапшалы оқжатары, барабанды оқжатарға ауыстырылды. Мұнда сыйымдылығы 25-тен 71 патронға артты. Осы өзгерістерден кейін ол «Конструктор Дегтяревтің 1940 жылғы үлгідегі тапанша – пулеметі» ТПД-40 деп аталды.

**В.А.Дегтяревтің 1940 ж. үлгідегі тапанша – пулеметі ТПД-40 деп аталды.**



## ТП-43 тактикалық-техникалық сипаты

Калибр.....	7,62 мм
Оқжатарсыз салмағы .....	3,6 кг
Ұзындығы .....	780 мм
Атыс қарқыны .....	1000 атыс/мин
Ұрыстық ату жылдамдығы ату/мин:.....	100-120 ату/мин
Оқжатар сыйымдылығы:.....	71 патрон
Оқтың бастапқы ұшу жылдамдығы.....	500 м/сек

Осы кезде жаңашаландырылған Г.С. Шпагиннің конструкциясымен жаңа тапанша – пулемет шықты. Ол жан-жақты сынақтан өткізіліп қару жараққа қабылданды және «Конструктор Г.С. Шпагиннің 1941 ж. үлгідегі тапанша - пулеметі» ТПШ-41 деп аталды.

ТПШ-41 автоматының құрылысы, бөліктері мен механизмдерінің жұмысы ТПД-40 автоматына ұқсас, бірақ конструкциясының қарапайымдылығы, қолдануға пайдалануға ыңғайлылығы жоғары және ұңғылық компенсаторды қолдану арқылы атыс кезіндегі тұрақтылық пен оқтың нысанаға шоғырланып баруына қол жеткізілді. Қолданыс барысында Шпагиннің тапанша - пулеметіне аз ғана өзгерістер енгізілді, оның қорапты оқжатары мен көздеуіші жақсартылды.

Ұлы Отан соғысы жолдарындағы қатал сыннан ТПШ сүрінбей өтіп, Кеңес Армиясының сүйікті қаруына айналды.

**Г.С. Шпагиннің 1941 ж. үлгідегі тапанша - пулеметі ТПШ-41 деп аталды.**



## ТПШ-41 тактикалық-техникалық сипаты

Калибрі .....	7,62 мм
Ұрыстық ату жылдамдығы ату/мин .....	100-200 выстр/мин
Оқжатарсыз салмағы .....	3,5 кг
Ұзындығы .....	840 мм
Оқжатар сыйымдылығы .....	71/85 патрона
Атыс қарқыны .....	1000 атыс/мин
Оқтың бастапқы ұшу жылдамдығы .....	500 м/сек

1943 жылы Кеңес Армиясының қару жарағына жаңа тапанша – пулемет қосылды. Ол А.И. Судаевтың 1943 ж үлгідегі ТПС-43 тапанша –пулеметі. Бұл қарудың ұрыстық қасиеті жоғарғы және өте жеңіл қару, оның жиналмалы темір дүмі және тапаншалық тұтқасы болды. Бұл қарудың атыс қарқыны төмендеу болғандықтан оның атыс кезінде тұрақтылығы жоғары болды. Бұл автоматта жекелей ату ауыстырғышы жоқ, бірақ атыс қарқынын төмендету арқылы жекелей атуға болады. Төмендете ату 3-6 атысқа дейін, автоматты ату 15-20 атысқа дейін.

Автоматтың құрылысы қарапайым, қолдануға жеңіл пайдалану қасиеті жоғары. Автомат жорықтық жағдайда жиналады, тасымалдау мен алып жүруге ыңғайлы ал ұрыстық жағдайда дүмбі жазылады атуға нысана көздеуге ыңғайлы болуы үшін.

**А.И. Судаевтың 1943 ж. үлгідегі тапанша –пулеметі. ТПС-43 деп аталды.**



## ТПС-43 тактикалық-техникалық сипаты


Калибр .....	7,62 мм
Ұрыстық ату жылдамдығы ату/мин .....	100-200 выстр/мин
Оқжатарсыз салмағы .....	3,04 кг
Ұзындығы .....	520/623 мм
Оқжатар сыйымдылығы .....	35 патрона
Атыс қарқыны .....	600 атыс/мин
Оқтың бастапқы ұшу жылдамдығы .....	500 м/сек

### 2. Жалпы құрылымы. Тапанша-пулеметтің жұмыс істеу принципі және оның жіктелінуі

ТП- 90 бұл өте кешенді жиналмалы жинақы тапанша - пулемет. Ол арнайы міндеттерді орындайтын ПМ бөлімшелері үшін арналған. Оның салмағы өте жеңіл, көлемі де шағын және қолдануға байланысты (келісіммен жасалған) екі секундтың ішінде қолдану мүмкіндігі бар, тапанша - пулемет 90 қызыметкерлердің қорғануына өте ыңғайлы, мінсіз қару деп танылды, тапанша - пулемет 90 ды жинап қойған жағдай да көп орын алмайды, өзіне назар аудармайды. Ең маңыздысы сырт келбетінен қаруға ұқсамайды. Осындай жағдай да байқамай қаруын көрсетіп алмау арқылы қызыметкер өзін-өзі ұстап беруден қорғанады.

тапанша - пулемет суреті ТП- 90






Шағын 9 мм арнайы тапанша - пулемет 90(ТП- 90), жоғарғыда: жиналмаған дүмбі, көздеуіш көтерілген. Сол жақ астында: жиналған түрде, жоғарғыдан көрініс. Оң жақ астында: қайтармалы сертпе мен бағыттаушы, қару жинаулы түрде, сақтандырғыш «ату» қалпында.

Тапанша – пулемет 90-ның автоматтандырылған іс қимылы бос бекітпенің кері соғуымен негізделді. Атудың дәлдігі күшейту және ұңғының жоғарғыға кетуін төмендету үшін тапанша - пулемет оқ-дәрінің оталуы жетілдірілгімен және буфер жайластырушылығымен жабдықталынады. Сонымен бірге бекітпені жеңілдеу жасауға болады. Бекітпенің негізгі салмағы ұңғының үстінде, ол серпіу күшін, тапанша - пулемет 90 дүмбі иыққа тіреп, дәл сол нүктеге бағыттауға мүмкіндік береді. Жоғарыда айтылғандай, осындай құрылым автоматтандырылған атумен ұңғының жоғарға кетуін төмендетуге мүмкіндік береді.

Тапанша - пулемет – 90 толықтай жайылмаған жағдайда ату мүмкін емес. Ату үшін тапанша – пулеметті толықтай жайып және ұрыстық жағдайға бекіту қажет. Сақтандырғыштың автоматтандырылған құрылғысы егер қару құлап қалса абайсызд атылып кетуден қорғайды.




Тапанша - пулемет толықтай жайылып ұрыстық жағдайда (ТП- 90)



Тапанша - пулемет ТП- 90 жиналған түрі





(ТП- 90) тапанша - пулемет 30 патрон сиятын оқжатарымен

Атудың алыстағы (көздеу) 100 м ТП-90М өнімін тұтынушыларға келесі жиынтықта жеткізіледі: тікелей өнім, 30 патрон сиятын екі оқсауыт, өнімді тасымалдау үшін сөмке, техникалық құжаттау және сүртіп тазарту. өнімді шусыз қолдану және жалын сөндіргішке монтаждауға жол беріледі. ТП-90М жорықтық жағдайда қаруды жасырын тасымалдау нұсқасын қолдануда болады.



Үш модификациясы бар тапанша – пулемет ТП- 90М бастапқы моделі.

### ТП-90 тактикалық-техникалық сипаты

ТП-90	
Калибрі,	9 мм
салмағы,	1,83 кг
Ұрыс кезіндегі ұзындығы,	485 мм
Жинақталған кезінде,	270x90x32 мм
Оқтың бастапқы ұшу жылдамдығы,	320 м/с
Атыс қарқыны,	600-800
Оқжатар сыйымдылығы,	30 патрон
Атудың тиімді қашықтығы,	100 м

Әдістемелік ұсыным ПӘС мәжілісінде талқыланып, мақұлданды.  
2016 жылғы. «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_. Хаттама № \_\_\_\_\_

ПӘС-ның төрағасы  
полиция подполковнигі

С.Ж.Тоқтабеков